

"Мемлекеттік театрларды, мұражайларды, концерт және мәдени-демалыс ұйымдарын субсидиялау мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 27 қазандағы № 1211 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1467 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 31 мамырдағы № 322 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.05.2016 № 322 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Мемлекеттік театрларды, мұражайларды, концерт және мәдени-демалыс ұйымдарын субсидиялау мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 27 қазандағы № 1211 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2011 ж., № 58, 823-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Тұрғындар үшін театр, мәдени-демалыс және концерт іс-шараларына қол жетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді көрсетуге, классикалық, халықтық, музыкалық және хореографиялық өнерді насихаттауға байланысты залалды жабуға бюджеттік субсидиялар бөлу қағидаларында:

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Республикалық және жергілікті бюджеттен бюджеттік субсидиялар бөледі бюджеттік бағдарламаның әкімшісі меншікті қаражат есебінен өтелетін залал көлемін шегере отырып, мемлекеттік театрлардың, мәдени-демалыс және концерт ұйымдарының залалын өтеуге бағыттау арқылы жүзеге асырады.

4. Республикалық бюджеттен бюджеттік субсидиялар бөлу бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітетін міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларына сәйкес жүргізіледі. Бұл ретте республикалық театрлар мен концерттік ұйымдардың залалын өтеуге арналған субсидиялардың мөлшері осы Қағидаларға 4-қосымшада көрсетілген мөлшерден аспауға тиіс.»;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттен бюджеттік субсидиялар бөлу бюджеттерді атқару жөніндегі облыстық, жергілікті уәкілетті орган бекітетін міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларына сәйкес жүргізіледі. Субсидиялар меншікті қаражат есебінен

өтелетін залал мөлшерін қоспағанда, ұйымдардың шығындарын өтеуге бөлінеді.» ;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Мемлекеттік театрлар, мәдени-демалыс және концерт ұйымдары жыл сайын, есепті кезеңнен кейінгі үшінші айдың 15-күнінен кешіктірмей, бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне даму жоспарларының орындалуы бойынша бекітілген есептерді беруді қамтамасыз етеді.»;

көрсетілген Қағидалар осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес 4-қосымшамен толықтырылсын ;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Тарихи-мәдени құндылықтардың сақталуын, есепке алынуын, жинақталуын және реставрациялануын қамтамасыз етуге байланысты залалды жабуға бюджеттік субсидиялар бөлу қағидаларында:

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Республикалық және жергілікті бюджеттен бюджеттік субсидиялар бөлуді бюджеттік бағдарламаның әкімшісі меншікті қаражат есебінен өтелетін залал көлемін шегере отырып, мемлекеттік мұражайлар мен тарихи-мәдени қорықтардың залалын өтеуге бағыттау арқылы жүзеге асырады.

4. Республикалық бюджеттен бюджеттік субсидиялар бөлу бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітетін міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларына сәйкес жүргізіледі. Бұл ретте республикалық мұражайлар мен тарихи-мәдени қорықтардың залалын өтеуге арналған субсидиялардың мөлшері осы Қағидаларға 4-қосымшада көрсетілген мөлшерден аспауға тиіс.»;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттен бюджеттік субсидиялар бөлу бюджеттерді атқару жөніндегі облыстық уәкілетті орган бекітетін міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларына сәйкес жүргізіледі. Субсидиялар меншікті қаражат есебінен өтелетін залал мөлшерін қоспағанда, ұйымдардың залалын өтеуге бөлінеді.»;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Республикалық мұражайлар мен тарихи-мәдени қорықтардың жыл сайын, есепті кезеңнен кейінгі үшінші айдың 15-күнінен кешіктірмей, бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне даму жоспарларының орындалуы бойынша бекітілген есептерді беруді қамтамасыз етеді.»;

көрсетілген Қағидалар осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес 4-қосымшамен толықтырылсын .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *С. Ахметов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 1467 қаулысына
1-қосымша
Тұрғындар үшін театр, мәдени-
демалыс және концерт іс-шараларына
қол жетімділікті қамтамасыз ету
жөніндегі қызметтерді көрсетуге,
классикалық, халықтық, музыкалық
және хореографиялық өнерді
насихаттауға байланысты залалды
жабуға бюджеттік субсидиялар бөлу
қағидаларына
4-қосымша

Республикалық театрлар мен концерттік ұйымдардың тізбесі

Р/с №	Ұйымдар атауы	Республикалық бюджеттен сүс %
1	2	3
1	«Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры» КАҚ	80 %
2	«Күләш Байсейітова атындағы Ұлттық опера және балет театры» РМҚК	90 %
3	«Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры» РМҚК	85 %
4	«М. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры» РМҚК	85 %
5	«М. Лермонтов атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры» РМҚК	80 %
6	«Ғ. Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры» РМҚК	85 %
7	«Н. Сац атындағы Орыс мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры» РМҚК	90 %
8	«Республикалық мемлекеттік корей музыкалық комедия театры» РМҚК	95 %
9	«Құдыс Қожамяров атындағы республикалық мемлекеттік ұйғыр музыкалық комедия театры» РМҚК	95 %
10	«Республикалық неміс драма театры» РМҚК	95 %
11	«Қазақстан Республикасының «Салтанат» мемлекеттік би ансамблі» РМҚК	90 %
12	«Қазақстан Республикасының мемлекеттік академиялық би театры» РМҚК	95 %
13	«Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы» РМҚК	90 %

14	«Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрі» РМҚК	90 %
15	«Қазақстан Камератасы» классикалық музыка ансамблі» РМҚК	95 %
16	«Ақ жауын» мемлекеттік камералық оркестрі» РМҚК	95 %

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:
КАҚ – коммерциялық емес акционерлік қоғамы
РМҚК – республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2013 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 1467 қаулысына
2-қосымша
Тарихи-мәдени құндылықтардың
сақталуын, есепке алынуын,
жинақталуын және
реставрациялануын қамтамасыз етуге
байланысты залалды жабуда
бюджеттік субсидиялар
бөлу қағидаларына
4-қосымша

Республикалық мұражайлар мен тарихи-мәдени қорық-мұражайлардың тізбесі

Р/с №	Ұйымдар атауы	Республикалық бюджеттен субс %
1	2	3
1	«Қазақстан Республикасының мемлекеттік орталық мұражайы» РМҚК	90 %
2	«Ә. Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік өнер мұражайы» РМҚК	90 %
3	«Сирек кездесетін қияқты саз аспаптарының мемлекеттік коллекциясы» РМҚК	92 %
4	«Республикалық кітап мұражайы» РМҚК	98 %
5	«Ордабасы» ұлттық тарихи-мәдени қорығы» РМҚК	98 %
6	«Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы» РМҚК	98 %
7	«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы» РМҚК	98 %

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:
РМҚК – республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК